

Бекітешін: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымының атауы: Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім мектебі.

Мектепалды «0» А сыныбы.

Балалардың жастары: 5 жас.

Жоспарлау күні: 02.10.-06.10. 2023-2024 оқу жылы.

Күн тәртібі.	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).	Д.О. «Бақшада ма, бауда ма?» Ойынның мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін толықтыру. Ойын барысы: Жемістердің бакта, көкөністердің бақшада өсетінін айтады; олардың аталуы, құрамында кездесетін дәрумендері, оның адам денсаулығына маңызды екенін айтады.	Күз туралы такпақтар жаттау. Бірге жаттаймыз. Беркесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді.	Шығармашылық үзіліс. «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: Балалардың күз туралы түсінігін тереңдету. Күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Балалардың жұмысы: Балалар жинап алынған жапырақтардан композиция жасайды.	Шығармашылық үзіліс. Сурет салу оңай ма? Жұртқа өнерің ұнай ма? Мұның бәрі түк емес, Талаптыға алайда. Сурет салу. «Көкөністер»	Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау. Мақсаты: Жапырақтардан, карағай бүршіктерімен және жаңғақ қабығымен жұмыс жасауға үйрету. Балаларды бізді қоршаған табиғаттың әсемдігін көруге тәрбиелеу. Өз еңбегінен рахат алу.
Ертеңгілік жаттығу.	Қазан айының I – аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету. Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.	Шаттық шеңбері. Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» - деп айтамыз, Бір болып үйге бірге қайтамыз.	Шаттық шеңбері. Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық. -Балалар шеңбер неге ұқсайды? -Доппен ойнасақ көңіл-күйіміз көтеріледі. -Жүзікті сәндік үшін тағамыз.	Шаттық шеңбері. Ерте тұрып күнде мен, Тереземді ашамын. «Сәлем!»- деймін күнге мен, Шаттық әнге саламын.	Шаттық шеңбері. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Шаттық шеңбері. -Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді) -Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!) -Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады). -Қане, алақанымызды жылытайық, Қолымызды Күнге созайық.

		-Алма, қарбыз қауын өте дәмді жемістер. Шеңберге ұқсайтын осыншама заттың қаншама қасиеті бар. Шеңберде тұрудың да өз ерекшелігі бар. Ол бізге күн сияқты жылу береді. Шаттық шеңберінде тұрып біз бір-бірімізге жылы тілектерімізді айтайық.			
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Өрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Миға шабул. Д.О. «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Жауып жаңбыр, жер сабыр, Шөп, жапырақ солады. Айтындаршы бөбектерім, Бұл қай кезде болады? Ой қозғау. Сұрақ-жауап. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде қандай өзгерістер болды? -Күз мезгілінде бау-бақшада нелер піседі? Ой дамыту. Суретпен жұмыс. «Күзгі табиғат» Сурет бойынша әңгіме құрап, әңгімеге ат қою. Балаларды тыңдау. Д.О. «Суреттер сөйлейді» Ойынның мақсаты: Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Міндеттері: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Д.О. «Дыбысынан таны» Ойынның мақсаты: Ненің дыбысы екенін ажырата білу. Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Ойын барысы: Педагог ұнтаспадан жәндіктердің дыбысын біртіндеп тыңдатады. Артикуляциялық жаттығулар жасайды. -Ж-ж-ж-ж! -Бұл ненің дыбысы? -Қане бәріміз қайталайық. -З-з-з-з! -Бұл ненің дыбысы? -Қане бәріміз қайталайық. -Ара қалай дыбыстайды? -Шегіртке қалай дыбыстайды? -Шр-шр-шр. Дыбыстарын тыңдайық. -Шыбын қалай дыбыстайды?</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Қызығушылықты ояту «Сөздер мен дыбыстар» елінде саяхат. -Ертеде бір елді мекенде дыбыстар өмір сүріпті. Олар көрінбейді, бірақ оларды естуге болады екен. Дыбыстар ұзақтығы бойынша әртүрлі болады (қысқа, ұзақ, орташа, ұзақ) және олар түрлі үйшіктерде тұрады: дауысты дыбыстар-қызыл, ал дауыссыз дыбыстар-көк үйшіктерде тұрыпты. Дауысты дыбыстар жеңіл айтылады және оларды әндетуге болады. Ал дауыссыз дыбыстар кедіргіге ұшырап айтылады. Д.О. «Әнші дыбыстар» Ойынның мақсаты: Дауысты дыбыстарды ажырата білу. Ойын барысы: Дауысты дыбыстарды әндетіп айту. Д.О. «Кедергілер» Ойынның мақсаты:</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Міндеттері: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Артикуляциялық жаттығулар. «Сағат» Денені жан-жаққа ию. Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару. «Доптар ұшады» Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт. «Поезд» Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту» Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф-ф-ф»-деп айту. «Машинаның дөңгелегі жарылды» «Ш-ш-ш»-деп айт. Ян-ян-ян, Жүгіріп жүр қоян. Ыр-ыр-ыр, Ырлайды қасқыр. Кі-кі-кі, Бұлаңдайды түлкі. Ю-ю-ю,</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Д.О. «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат» Ойынның мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету. Ойын барысы: Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады. Д.О. «Үзік сызықтар» Ойынның мақсаты: Балалардың қолдарын жазуға дайындау. Таза, ұқыпты жазуға үйрету. Ойын барысы: Берілген үзік сызықтарды бастырып жазады.</p> <p>2.Математика негіздері. Міндеттері: Көрнекілік арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда</p>

Ойын барысы: Суретке карап күз мезгіліндегі мазмұнды әңгімелердің айтылуына назар аудару, сөздерді дұрыс айта білуді үйрету.

Д.О. «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»

Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту.

Ойынның мақсаты: Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.

Д.О. «Сөзді айтуға көмектес»

Ойынның мақсаты: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету.

Ойын барысы: Педагог сөздің бірінші буынын айтады, ал балалар сол буынға қатысты сөзді тауып жалғастырады.

Мысалы: жаң-быр, қолша-тыр. т.б.

«Кел жазайық»
Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.

Сергіту сәті.
Жаңбыр жауып басылды, (партаны тырсылдатады)
Күннің көзі ашылды. (қолымен көрсетеді)
Көкжиекке көрікті, Кемпіркосақ асылды. (қолымен дөңес сызық көрсету)

Д.О. «Оралмалы жіп»

Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы алған білімдерін домалақ жіпті жинау арқылы тиянақтау.

-Ыз-ыз-ыз.

Д.О. «Кім тапқыр?»

Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.

Ойын барысы: Жұмбақтар шеше білеміз бе?

Балаларға жәндіктер туралы туралы жұмбақтар жасыру.

.Күні бойы тынбайды, Дәмді тағам жинайды. (ара).

.Тоқыған ауы, Шыбынның жауы. (өрмекші).

.Үп-үшкір таяғы, Жыланның көзін ояы. (дәуіт).

.Алға қарай, артқа қарай жүреді, Еңбек сүйгіш оны бәрі біледі. (құмырсқа).

.Өзі төрт қанатты, Алты аяқты. Сонда да тік ұшақ моделі сияқты. (инелік).

.Ызындап ән салады, Лас жерге қонады. (шыбын).

.Ұшады, қонады, Гүлдердің қонағы. (көбелек).

Суретпен жұмыс.
Суретке карап, өзің білетін жәндіктерді ата. Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяғын сана. Нешеу. Пайдалы және зиянды жәндіктерді ата.

Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу.

Ойын барысы: Дауыссыз дыбыстарды айту. Балалар дауыссыз дыбыстарды айту барысында ауа кедергіге ұшырайды. Оған тіліміз, тісіміз, ерніміз кедергі жасайды.

Ой дамыту.
Әңгіме оқу: «Ала бұзау»
Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақтар қою:
-Жел сокқанда қандай дыбыс шығады?
-Жел уілейді. У-у-у-у.
-Ағаштардың жапырағы шулайды.
-Қандай дыбыс естіледі? Ш-ш-ш-ш
-Масалар да көп екен тоғайда.
-Қандай дыбыс естиміз?
З-з-з-з
-Ескендрдің Ақтөс иті ырылдайды?
-Қайтіп? Р-р-р-р.
-Ақтөске жылан айбат шекті. Қалай ысылдады?
С-с-с-с
-Кенет оларды аралар қуды
-Қайтіп дыбыс шығарды?
Ж-ж-ж-ж
-Ала бұзау дыбыс шығарды? -Қайтіп? Мө-мө-мө-мө
-Бәріміз бірге шақырайық бұзауды. Қалай шақырамыз?
Ауқау-ауқау-ауқау.
-Балалар, біз сонда әртүрлі дыбыстарды естідік. Біз дыбысты құлағымызбен естиміз, аузымызбен қайталаймыз.

Қорбаңдайды аю.
Са-са-са,
Ызындайды маса.
Қа-қа-қа,
Бақылдайды бақа.

Еркін ойын:
«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у»

Қимылды ойын:
«Ертегі зообақ»
Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.

2.Қоршаған ортамен таныстыру.
Міндеттері: Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсіну және бағалау.

Шаттық шеңберін құру.
Балалар дөңгелене тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.
-Сен қандай ақылдысың!
-Біздің денсаулығымыз мықты!
-Біз ойнаймыз, күлеміз, айналаны танып білеміз.

Д.О. «Кім не істейді?»

Ойынның мақсаты: Қойылған сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, зейіндерін дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу және мамандық тандауға қызығушылықтарын ояту

Ойын барысы: Педагог сөздерді оқиды. Сол сөзге сәйкес балалар кім не істейтінін айтады.


болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

Д.О. «Жемістер»

Ойынның мақсаты: Балаларды санауға үйрету және балалардың өз бетінше тапсырмаларды орындау дағдысын жетілдіріп, логикалық ойлауын дамыту.

Ойын барысы: Әр себеттегі жемістерді санайды, санын айтады.


Математикалық боямақ.



Саусақтар әні. (ұнтаспа)
Ал санайық, санайық,
Қане, қане санайық.
Санын біліп алайық:
Біреу, екеу, үшеу,
Төртеу, бесеу,
Қолымда сонда саусағым бесеу.
Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Бесті беске қосқанда,
Болып шықты он саусақ.

Қимылды ойын: «Кім бірінші?»

Ойынның мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа

<p>Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Математика. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Санау әні» Ойын барысы: Балалар ұнтаспадан әнді тыңдайды, бірге орындап айтады. Д.О. «Кім шатаспай санайды?» Ойынның мақсаты: 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Ойын барысы: Балалар 1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды. Д.О. «Мен үйрендім санауды» Ойынның мақсаты: Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген заттарды санайды. Санын айтады. Қандай заттар нешеуден екенін айтады. Д.О. «Дауыстап санау» Ойынның мақсаты: Дауыстап санауға, қортынды санды есте сақтауға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Педагог үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Педагог балалардан қанша рет соғылғанын сұрайды. Балалар санын айтады.</p> <p>3.Көркем әдебиет. Міндеттері: Шығарма</p>	<p>Д.О. «Жасырынған жәндікті тап» Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Ойын барысы: Суретке қарап жасырынып тұрған жәндікті айтады.</p> <p>2.Қоршаған ортамен таныстыру. Міндеттері: Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, бала-бақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсіну және бағалау. Миға шабул. -Қандай мандық иесін білесің? -Жақсы мамандық иесі болу үшін не істеу керек? Д.О. «Мамандықты ата» Ойынның мақсаты: Әртүрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту. Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту. Үлкендердің әр мамандық иелерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Ойын шарты: Суреттегі бейнеленген мамандық иелері туралы айтады. Сұрақтарға жауап береді. -Дәрігер не істейді? -Мұғалім не істейді? -Құрлысшы не істейді? -Шаштараз не істейді?</p>	<p>Сонда біз дыбыстарды естиміз.</p> <p>2.Математика негіздері. Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Санау әні. «Күшіктер санамағы» (ұнтаспа). Д.О. «Санап үйренемін» Ойынның мақсаты: Балаларды санауға үйрету, өз бетінше тапсырмаларды орындауға баулу. Ойын барысы: Суреттегі заттарды санайды, санын айтады.</p>  <p>Сергіту сәті. Көтеріміз қолымызды, Созыламыз жоғары. 1,2,3, Денеңді солға бұр. Қолыңмен көмектесіп, Беліңді шынықтыр.</p> <p>3.Көркем әдебиет. Міндеттері: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту,</p>	<p>Білім береді. Емдейді. Тігеді. Қияды. Тәртіпті бақылайды. Күзетеді. Сағады. Пісіреді. Жұмбақтар шешейік. Мектептің жүрегі, Білімнің тірегі. (мұғалім). Сауықтырар сырқатты, Жылы үнмен тіл қатты. (дәрігер). Тікті әсем киімді, Дүкенге әкеп ілінді. (тігінші). Зымыранды ерттеген, Ай жұлдызды зерттеген. (ғарышкер). Тәртіп заңды сақтайды, Ел сенімін ақтайды. (полиция).</p> <p>Қортынды. -Қандай мамандық иесін білесің? -Жақсы мамандық иесі болу үшін не істеу керек? -Өскенде кім болғың келеді?</p> <p>3.Қазақ тілі. Міндеттері: Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық, нақты жауап беруге баулу. Суретпен жұмыс «Бау-бақшадағы күзгі еңбек» (әңгімелеу) Бақта-жемістер мен жидектер</p>	<p>баулу. Ойын барысы: Әрбір стаканға бір қарындаштан салады. Енді әр стаканда неше қарындаштан болды.</p> <p>3.Сурет салу. Міндеттері: Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды бере білу, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Д.О. «Тапқыр болсаң шешіп көр» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету. Ойын барысы: Балаларға жұмбақ жасыру. Допка өзі ұқсайтын, Ерекше бір пішін бар. Ол пішінді кім табар? (дөңгелек). Төрт бұрышы бар, Төрт қабырғасы бар. (төртбұрыш). Атына сай балалар, Үш бұрыш, үш жағы бар. Ол пішінді кім табар? (үшбұрыш). Суретпен жұмыс. Суреттегі заттар қандай геометриялық пішіндерден құрастырылып салынған? Шығармашылық үзіліс. Сурет салу. «Пішіндерден не салуға болады?» Ойынның мақсаты:</p>
--	--	--	---	---

	<p>мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру.</p> <p>Миға шабул Жұмбақ жасыру. Жапырақты бояды, Атырапты бояды. Бояп-бояп барлығын, Сап-сарығып қояды.</p> <p>(Күз)</p> <p>Балалардың білімін нығайту. Такпақ оқу. Қарашы күз келді, күз келді, Жапырақ жауыпты іздерді. Құс біткен керуен тізеді, Қара бұлт қабағын түйеді. Сұрақ-жауап. -Қазір қай мезгіл? -Күз екенін қайдан білдіңдер? -Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Күзде жапырақтардың түсі қандай болады? -Құстар қайда ұшып кетеді? -Неліктен жомарт күз дейміз? -Күздегі адамдар еңбегінен не білесіңдер? -Неліктен күзді жақсы көресіңдер? Ертегі тыңдайық. «Алма» Ертегі желісі бойынша балаларға жетекші сұрақтар қою. Сергіту сәті.</p>	<p>-Шаштараз деп қандай мамандық иесін айтамыз? -Шаштараз мамандығы не үшін қажет? -Шаштараз болған сендерге ұнай ма? Д.О. «Кім болам?» Ойын барысы: Балалар болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады. Д.О. «Кімге не керек?» Ойын барысы: Бірінші бағанда тұрған мамандық иелерінің суреттерін, екінші бағандағы суреттердің тиістісіне сызықпен қосып көрсету. «Кімге не керек?» сұрағына ауызша жауап беру. Қортынды: -Болашақта қандай мамандық иесі болғын келеді?</p> <p>3.Қазақ тілі. Міндеттері: Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық, нақты жауап беруге баулу. Д.О. «Бұл қай мезгіл?» Ойынның мақсаты: Балалардың күз туралы түсінігін тереңдету. Күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін толықтыру.</p>	<p>кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру. Д.О. «Бұл қай мезгіл?» Ойынның мақсаты: Балалардың күз туралы түсінігін тереңдету. Күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін толықтыру. Ойын барысы: Сұрақтар қою арқылы балаларға жауаптарын дәлелдету керек. Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар: -Күз мезгілінде неше ай бар? -Қай айдан басталады? -Күз мезгілі несімен ерекшеленеді? -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Ауа-райын бақыла. -Ағаштар қалай өзгереді? -Күзде құстар қайда ұшып кетеді? -Күзде адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады? -Адамдар бакта, бакшада, егістік алқабында қандай еңбек етеді? -Сенің отбасың күзде қандай еңбек атқарады? Жұмбақты шеш. Жиын терін болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз мезгілі) Ертегі тыңдайық. «Жеміс бағында» К.Ерешева. Д.О. «Күз мезгілінің</p>	<p>өседі. Жүзім,құлпынай,таңқурай бұлар жидектер. Алма,алмұрт,жеміс,шие бұлар жемістер. Бақшада-картоп, сәбіз, қызылша, пияз, бұрыш, қызанақ, кияр, орамжапырақ бақшада өседі. Бұлар көкөністер. Бірге жаттаймыз. Беркесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді. Жұмбақтар жасыру. Қалың киімді Ұнатады, Шешіндіресен Жылатады. (пияз). Аласа ғана бойы бар, Қабат-қабат тоны бар. (орамжапырақ). Үстіне тігіп көк шатыр, Астында қызыл дәу жатыр. (қызылша). Бұйра тұлқымы желмен ойнайды, Қызыл мұрыны жерге бойлайды. (сәбіз). Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. (алма). Терісі сары, еті дәрі. (лимон). -Балалар, адамның дені сау болып, ширақ та, сергек болып жүруі үшін адам ағзасына күлді дәрумендер қажет. Сол дәрумендердің қайнар көзі жемістер мен</p>	<p>Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балалар геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салады. Көрме ұйымдастыру. Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру. Қимылды ойын: «Ғажайып пішіндер» Ойынның мақсаты: Түс пен пішінді ажырата білу. Ойын барысы: -Сары түсті шеңберге секір. -Қызыл түсті төртбұрышқа аяғыңды қой. -Көк түсті үшбұрыштан атта.</p> <p>4.Дене шынықтыру. Негізгі қимылдар. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарын ұстап жұптарымен айналу. Негізгі кезең. «Зейінді боламыз» Мақсаты: Балалардың зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін және қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды қалыптастыруды</p>
--	--	--	---	---	--

<p>Жаңбыр жауды, Тық-тық-тық. Сен көшеге шық-шық-шық. Жел соғады гу-гу-гу, Жапырақтар ұшты ду-ду-ду Құйын тұрды ой-ой-ой Билеп кетті жапырақтар. Балаларды топқа бөлу. Сары жапырақтар: «Алтын күз» Сурет бойынша әңгімелеу. Қызыл жапырақтар. Жұмбақтар жасыру. Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ кашады.</p> <p>(жел).</p> <p>Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары.</p> <p>(жапырақ)</p> <p>Аспаннан домалап, Көп моншақ төгілді. Бусанып жон жонап, Терледі, керілді.</p> <p>(жаңбыр).</p> <p>Көзі жасты жылауық, Келе жатыр, бір алып. Жабырқаса, жылайды, Жадыраса құлайды.</p> <p>(бұлт).</p> <p>Жасыл жапырақтар. Д.О. «Сипатта» Ойынның мақсаты: Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері, күз туралы білімдерін тиянақтау. Ойын барысы: Күз мезгілін сипаттау. Суретке өз ойын айта білу. Д.О. «Жапырақтарды жина» Ойынның мақсаты: Балаларды түстері бойынша жерге түскен</p>	<p>Ойын барысы: Сұрақтар қою арқылы балаларға жауаптарын дәлелдету керек. Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар: -Күз мезгілінде неше ай бар? -Қай айдан басталады? -Күз мезгілі несімен ерекшеленеді? -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Ауа-райын бақыла. -Ағаштар қалай өзгереді? -Күзде құстар қайда ұшып кетеді? -Күзде адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады? -Адамдар бақта, бақшада, егістік алқабында қандай еңбек етеді? -Сенің отбасың күзде қандай еңбек атқарады? Жұмбақты шеш. Жиын терін болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз мезгілі)</p> <p>Д.О. «Күз мезгілінің белгілері» Ойынның мақсаты: Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезіне білуге тәрбиелеу. Ойын барысы: Сұрақ-жауап. -Суретші қай жыл мезгілін бейнелеген? -Күз белгілерін ата. -Күзде табиғаттың қандай құбылыстарын бақылауға болады? -Күзде жапырақтарда, өсімдіктерде қандай өзгерістер болады? -Жапырақтардың түсуі қай кезде басталады? -Күзде бау-бақшада қандай жұмыстар жүргізіледі? Шығармашылық үзіліс. «Алтын күз» (сурет салу).</p>	<p>белгілері» Ойынның мақсаты: Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезіне білуге тәрбиелеу. Ойын барысы: Сұрақ-жауап. -Суретші қай жыл мезгілін бейнелеген? -Күз белгілерін ата. -Күзде табиғаттың қандай құбылыстарын бақылауға болады? -Күзде жапырақтарда, өсімдіктерде қандай өзгерістер болады? -Жапырақтардың түсуі қай кезде басталады? -Күзде бау-бақшада қандай жұмыстар жүргізіледі? Шығармашылық үзіліс. «Алтын күз» (сурет салу).</p> <p>4.Дене шынықтыру. Негізгі қимылдар. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру; арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға аяқ ұшын еденге қою) жүру. «Көңілді шарлар» Бір тізбекте жүреді, жүгіреді, жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Қимылды ойын: «Ыңғайлы бол» Ойынның мақсаты: Елтілікті, жылдамдықты, төзімділікті дамыту. Ойын барысы: Екі аяқты серпу арқылы тақтайшадан</p>	<p>көкөністер. Д.О «Кім жылдам?» Ойын шарты: Көкөністер мен жемістерді ажыратып, тез жинап алу. Шығармашылық үзіліс. Сурет салу. «Жемістер мен көкөністер» Сергіту сәті. Топ-топ етіп басайық, Қолға себет алайық. Көкөністі жинайық, Жемістерді алайық. Оңға солға иіліп, Орнымызды табайық. Қорытынды. -Ащы және тәтті көкөністерді ата. -Көкөністерден қандай тағамдар жасалады? -Қандай көкөністерді шикілей жеуге болады?</p> <p>4.Музыка. Міндеттері: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би</p>	<p>жалғастыру. Ойын барысы: .Допты басынан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру. .Допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін дамыту. «Қи қоныз» ойын-жаттығуы. Ойынның мақсаты: Еркін бағытты доптарды домалатуға жаттықтыру. Ойын барысы: Доптарды домалатып жүреді, доптарды қатты итермейді. Жаттығу: «Айқас қадамдар» Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу. Қимылды ойын: «Аңшы мен үйрек»</p>
--	---	---	--	--

	<p>жапырақтарды жинап және қанша жапырақтар жинағанын айтып беруге үйрету. Түстерді ажырата білуге үйрету.</p> <p>Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. (жасыл және сары түсті жапырақтар).</p> <p>Ойын барысы: 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.</p> <p>4.Дене шынықтыру. Негізгі қимылдар. Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы кадаммен, аяқтың ұшымен жүру.</p> <p>Қимылды ойын: «Аяқтарыңды сулап алма»</p> <p>Ойынның мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Балаларды алға қарай тақтайшадан тақтайшаға ептілікпен секіріп үйренуге жаттықтыру. Балалардың тез қарқынды қимыл жасай алуына қол жеткізу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш»</p> <p>Ойын барысы: Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге</p>	<p>-Күзде жапырақтарда, өсімдіктерде қандай өзгерістер болады?</p> <p>-Жапырақтардың түсуі қай кезде басталады?</p> <p>-Күзде бау-бақшада қандай жұмыстар жүргізіледі?</p> <p>Д.О. «Ненің жапырағы?»</p> <p>Ойынның мақсаты: Қай ағаштың жапырағы екенін танып білуге үйрету.</p> <p>Балалардың сөздік қорын молайту.</p> <p>Ойын барысы: Балалар серуен кезінде жинаған жапырақтарының қандай ағаштың жапырағы екенін ажыратады.</p> <p>-Мынау: қайыңның жапырағы, түсі сары, пішіні сопақша болып келеді.</p> <p>Шығармашылық үзіліс. «Күзгі жапырақтар»</p> <p>Мақсаты: Балалардың күз туралы түсінігін тереңдету.</p> <p>Күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.</p> <p>Балалардың жұмысы: Балалар жинап алынған жапырақтардан композиция жасайды.</p> <p>4.Музыка. Міндеттері: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту</p>	<p>аттап секіру.</p> <p>Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»</p> <p>Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.</p> <p>Педагог: -Секендер қояндар, -Жүгіріндер, жортындр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секендеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.</p>	<p>қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Ән айту: «Бүгін қай күн?» С.Мұхамеджанов.</p> <p>-Балалар, кім күн аттарын атап береді?</p> <p>-Жеті күнді қалай атаймыз?</p> <p>-Бүгін аптаның нешінші күні?</p> <p>-Ән қалай орындалды?</p> <p>-Сендерге аптаның қай күні көбірек ұнайды?</p> <p>Әуенді қимыл-қозғалыс: .Марш екпінінде қолға жапырақшаларды ұстап, музыка әуенімен жаттығулар жасау.</p> <p>.Қолды екі жаққа жайып, жоғары көтеру.</p> <p>.Екі қолды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу.</p> <p>.Қолды төменнен жоғары қарай біртіндеп көтеріп, ортаға жиналу, кері қарай қимыл жасап, қолды біртіндеп түсіру.</p> <p>.Музыка әуенін қимылмен ұштастыра білуге талпындыру.</p>	
--	--	---	--	--	--

	<p>ұшып кел!»-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.</p>	<p>дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Ән айту: «Бүгін қай күн?» С.Мұхамеджанов. -Балалар, кім күн аттарын атап береді? -Жеті күнді қалай атаймыз? -Бүгін аптаның нешінші күні? -Ән қалай орындалды? -Сендерге аптаның қай күні көбірек ұнайды? Әуенді қимыл-қозғалыс: .Марш екпінінде қолға жапырақшаларды ұстап, музыка әуенімен жаттығулар жасау. .Қолды екі жаққа жайып, жоғары көтеру. .Екі қолды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу. .Қолды төменнен жоғары қарай біртіндеп көтеріп, ортаға жиналу, кері қарай қимыл жасап, қолды біртіндеп түсіру. .Музыка әуенін қимылмен</p>			
--	--	---	---	---	--

		ұштастыра білуге талпындыру.			
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу.				
Серуендеу	№6. Солып қалған гүлдерді бақылау.	№9. Жерге түскен жапырақтарды бақылау.	№5. Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.	№2. Өзге топ балаларының іс әрекетін бақылау.	№4. Күзгі желдің бағытын бақылау.
Балалардың дербес іс-әрекеті.	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әртүрлі балалар іс-әрекеті ойын түрінде жүзеге асыру.				
Балалармен жеке жұмыс.	<p>Амангелді Дәулеткелді 1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.</p> <p>2.Математика негіздері. 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды үйрету.</p> <p>3.Көркем әдебиет. Суретпен жұмыс. «Күз», «Күзгі бақ» Сурет бойынша әңгімелеу.</p>	<p>Амангелді Дәулеткелді 1.Сөйлеуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>2.Қоршаған ортамен таныстыру. Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Баланың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.</p> <p>3.Қазақ тілі. Күз туралы тақпақ жаттау.</p>	<p>Амангелді Дәулеткелді 1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.</p> <p>2.Математика негіздері. 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды үйрету, өз бетінше тапсырмаларды орындауға баулу, заттарды санайды, санын айтады.</p> <p>3.Көркем әдебиет. Суретпен жұмыс. «Алтын күз» Боямақ. «Күздегі ағаштар»</p>	<p>Амангелді Дәулеткелді 1.Сөйлеуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>2.Қазақ тілі. Боямақ. «Жемістер»</p>	<p>Амангелді Дәулеткелді 1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.</p> <p>2.Математика негіздері. Д.О. «Математикалық пазлдар» Ойын барысы: Берілген кималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.</p>
Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Бекітешіні: 


Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымының атауы: Т.Г. Шевченко атындағы орта білім беретін мектеп

Мектепалды «0» А сыныбы.

Балалардың жастары: 5 жас.

Жоспарлау күні: 09.10.-13.10. 2023-2024 оқу жылы.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенесу, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).	<p>Д.О. «Не өзгерді?» Ойынның мақсаты: Балаларды аңғарымпаздыққа баулу. Ойын барысы: Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.</p>	<p>Д.О. «Кітап-біздің досымыз» Ойынның мақсаты: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын барысы: Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.</p>	<p>Д.О. «Айырмашылығын тап» Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту. Ойын барысы: Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады.</p> 	<p>Д.О. «Суретті құрастыр» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Бөліктерден сурет құрастырады.</p>	<p>Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау. Мақсаты: Жапырақтардан, қарағай бүршіктерімен жұмыс жасауға үйрету. Балаларды бізді қоршаған табиғаттың әсемдігін көруге тәрбиелеу. Өз еңбегінен рахат алу.</p>
Ертеңгілік жаттығу.	<p>Қазан айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету. Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз</p>				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.</p>	<p>Шаттық шеңбері. Достар бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!</p>	<p>Жұмбақтар шешейік. Педагог балалардан аңдар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға аңдар туралы жұмбақтар жасыру.</p>	<p>Шаттық шеңбері. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз</p>	<p>Д.О. «Жаңылмай айт» Ойынның мақсаты: Балалардың тілін дамыту. Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету. Ойын барысы: Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.</p>	<p>Шаттық шеңбері. Ерте тұрып күнде мен, Тереземді ашамын. «Сәлем!»- деймін күнге мен, Шаттық әнге саламын.</p>
<p>Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздік ойын: «Күз екенін қайдан білдіңдер?» Ойынның мақсаты: Балалардың тіл байлығын арттыру, қойылған сұрақтарға нақты жауап бере білуге үйрету. Ойын барысы: Сұрақ қою арқылы балаларға жауаптарын дәлелдету керек. Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар: Жұмбақты шеш. Өрік, алма, Жидек, жүзім піседі. Қауын, қарбыз, Қияр, сәбіз, Дүкендерге түседі. Астық пісіп, Орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Айтындаршы бөбектерім, Бұл қай кезде болады? -Күз айларын атандар. -Күз қай айдан басталады?</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Міндеттері: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру: «Кім тапқыр?» Қызыл бұжыр айдары бар, Қокиланған айбары бар. Ауық-ауық азан салып, Өнеш керген айқайы бар. (әтеш). Кеудесі кайқандап, Жүреді балпаңдап. (каз) Тіл ұстарту жаттығуы. Ауыл маңы саз-саз-саз, Жайылады қаз-каз-каз. Жем шашсаң мәз-мәз-мәз, Тоймай қалса қаз-каз-каз. Шашқан дәннің аз-аз-аз, Деп айтады қаз-каз-каз. Қимылды ойын: «Әнші әтештер» Ойынның мақсаты: Балалардың тілін жаттықтыру. Ойын барысы: Әтеш, әтеш оянды,</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Д.О. «Ертегілер еліне саяхат» «Тынымсыз Тіл» (ертегі). -Ауыз деген қуыста Тынымсыз Тіл өмір сүріпті. Ол аппақ тістерді қатарластырып қойып, өзіне дуал, ал екі еріннен ашылып-жабылып тұратын есік жасап алыпты. Ауыз арқылы дыбыстар жиі-жиі сыртқа шығып тұрады екен. Кейбір дауысы бар дыбыстар ылғи көңілді ән салып жүреді. Осы дыбыстар өткенде Тынымсыз Тіл тып-тыныш ән тыңдап жатады екен. Мысалы: ааа, ооо, еее, әәә (балалар бірге айтады). Ал кейбір дыбыстар ән салуды ұнатпайтын болыпты. Олардың дауысы жоқ екен. Ән салмай тып-тыныш өтіп бара жатқан дыбыстарға ренжеген Тынымсыз Тіл оларға ылғи кедергі жасауға тырысады.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Міндеттері: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Артикуляциялық жаттығулар. «Сағат» Денені жан-жаққа ию. Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару. «Доптар ұшады» Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт. «Поезд» Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту» Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф-ф-ф»-деп айту. «Машинаның дөңгелегі жарылды» «Ш-ш-ш»-деп айт. Ян-ян-ян, Жүгіріп жүр коян. Ыр-ыр-ыр, Ырлдайды қасқыр. Кі-кі-кі, Бұлаңдайды түлкі. Ю-ю-ю,</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Д.О. «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат» Ойынның мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету. Ойын барысы: Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады. Д.О. «Үзік сызықтар» Ойынның мақсаты: Балалардың қолдарын жазуға дайындау. Таза, ұқыпты жазуға үйрету. Ойын барысы: Берілген үзік сызықтарды бастырып жазады. 2.Математика негіздері. Міндеттері: Көрнекілік арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда</p>

<p>-Күз мезгілі несімен ерекшеленеді? Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Ауа-райын бақыла. -Ағаштар қалай өзгереді? -Күзде адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады? -Сенің отбасың күзде қандай еңбек атқарады? Д.О. «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла» Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. «Кел жазайық» Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық Қолымызды созайық Құсқа ұя жасайық Алдына жем шашайық Қане қанат қағайық Орнымыз табайық Д.О. «Оралмалы жіп» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы алған білімдерін домалақ жіпті жинау арқылы тиянақтау.</p> <p>2.Математика. Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Мотивациялық қозғаушы: 3 рет аяқпен тарсылдату,</p>	<p>Жан-жағына қарады. Шынықтырып денесін, Қанаттарын қағады. Екі қолдарын жайып, әтеш сияқты: «Ку-ка-ре-ку!»-деп бірнеше рет әндету.</p> <p>2.Қоршаған ортамен таныстыру. Міндеттері: Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, бала-бақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсіну және бағалау. Шаттық шеңберіне тұру. -Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жылы сөздер айтады. -Айзере, сен қандай ақылдысың! -Саян, сен қандай мейірімдісің! -Біздің денсаулығымыз мықты! -Біз ойнаймыз, күлеміз, біздер бірге жүреміз. -Міне, көрдіңдер ме? Балалар, болашақта әртүрлі мамандық иесі болу үшін ақылды, білімді, тәрбиелі болу керек. Д.О. «Кім болам?» Ойынның мақсаты: Балалардың мамандық таңдауға деген қызығушылықтарын ояту. Ойын барысы: Балалар болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады. Д.О. «Мен еңбеккер</p>	<p>Дауысы жоқ дыбыстарды сыртқа жібермеу үшін біресе таңдайға жабысып тұрып алады, біресе тіске такалып алады, кейде тіпті еріннен жасалған есігін жауып алады екен. Мысалы: қ, т, н, м. -Ертегі сендерге ұнады ма? -Тынымсыз Тіл неліктен кейбір дыбыстарды ұнатып, ал кейбір дыбыстарды ұнатпайды екен? -Дауысы бар әнші дыбыстарды айтындаршы. -Даусы жоқ ән айтпайтын қандай дыбыстар бар? Д.О. «Қандай дыбыс?» Ойынның мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету. Ойын барысы: Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді. Д.О. «Дыбыстарды таны» Ойынның мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Ойын барысы: Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса. Күз сөзіне дыбыстық талдау жасау.</p> <p>2.Математика негіздері. Міндеттері: Көрнекілік</p>	<p>Қорбаңдайды аю. Са-са-са, Ызыңдайды маса. Қа-қа-қа, Бақылдайды бақа.</p> <p>2.Қоршаған ортамен таныстыру. Міндеттері: Заттық әлем. Кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Д.О. «Не қайда орналасқан?» Ойынның мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Ойын барысы: Суретке қарайды, суреттегі заттардың қайда орналасқанын айтады. Д.О. «Ойыншықты тап» Ойынның мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Ойын барысы: Педагог бір ойыншықты тығып қояды. Бір баланы шақырады. Педагогтің нұсқауымен мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп ойыншықты табады. Д.О. «Заттың атын ата» Ойынның мақсаты: Заттарды көріп, сипаттау</p>	<p>болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Ән айту: «Күшіктер санамағы» Еркін ойын: «Көңілді сандар» Ойынның мақсаты: Балалардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Балалар қалауынша 1-ден 10-ға дейінгі сандарды қалауынша бейнелеп салады.</p> <p>3.Жапсыру. Міндеттері: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді катпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию. Ертегілер елінінде. «Алтын балық» -Суреттен қандай ертегіні көріп тұрсындар? -Ертегі кейіпкерлерін атаңдар. -Ертегі сендерге ұнай ма? Суретпен жұмыс. Балықтар. (көрсету, әңгімелеу). Балықтар-алабұға, шортан, мөңке, жайын, сазан, таутан.</p>
---	--	---	---	---

	<p>2 рет оңға, 2 рет солға кадам басу. Алақанмен 3 рет жоғары, 1 рет төмен шапалақтау. «Санау әні» Ойын барысы: Балалар ұнтаспадан әнді тыңдайды, бірге орындап айтады. Д.О. «Кім шатаспай санайды?» Ойынның мақсаты: 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Ойын барысы: Балалар 1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.</p> <p>3.Көркем әдебиет. Міндеттері: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Д.О. «Ертегілер еліне саяхат» Ойынның мақсаты: Өткен ертегілерді еске түсіру арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Ертегілер еліне шолу жасайды. Тақтаға ілінген суреттерден қандай ертегі екенін айтады.</p>	<p>баламын» Ойынның мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.</p> <p>3.Қазақ тілі. Міндеттері: Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық, нақты жауап беруге баулу. Ой қозғау: Б.Жақыповтың «Күзде» өлеңімен балаларды таныстыру. Алма пісті, Алмұрт пісті, Алша пісті, Жерге түсті Қарбыз пісті, Қауын пісті, Қандай күшті! Жидектердің татып дәмін, Жемістердің жейміз бәрін. Жүзім, құлпынай, таңқурай-жидектер. Алма, алмұрт, өрік, шие, алхоры-жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша, орамжапырақ, асқабақ-көкөністер. Сұрақ-жауап. -Жемістер мен көкөністер қай мезгілде піседі? -Өленде қай мезгіл туралы айтылған?</p>	<p>арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нөшіңші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. «Санау әні» Ойын барысы: Балалар ұнтаспадан әнді тыңдайды, бірге орындап айтады. Д.О. «Сұрақ-жауап» Ойынның мақсаты: Балалардың санды есту және оны цифрмен көрсету дағдысын қалыптастыру. Ойын барысы: Әр баланың алдында 1-ден 10-ға дейін цифрлар. -Кемпіркосақта неше түс бар? (7). -Бағдаршамда неше көз бар? (3). -Жұлдыздың неше бұрышы бар? (5). -Аспанда неше күн бар? (1). -Бір жылда неше мезгіл бар? (4). -Бір аптада неше күн бар? (7) -Оң қолыңда неше саусақ бар? Д.О. «Адасқан сандар» Ойынның мақсаты: Тура және кері санай білу дағдыларын жетілдіру. Ойын барысы: Балаларды екі топқа бөлу. Екі топтың да балаларына оңға дейінгі сандарды беріп, белгі берілген кезде ретімен сандар тура тұра қалу керек. Келесі сәтте сол сандар кері тұрулары қажет. Д.О. «Жапырақты жина»</p>	<p>арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.</p> <p>3.Қазақ тілі. Міндеттері: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Д.О. «Ертегілер еліне саяхат» Ойынның мақсаты: Өткен ертегілерді еске түсіру арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Ертегілер еліне шолу жасайды. Тақтаға ілінген суреттерден қандай ертегі екенін айтады. «Алма» ертегісін еске түсіру, балаларға сұрақтар қою: -Жылдың қай мезгілі еді? -Жабайы алма қайда</p>	<p>Тыңда. Балықтар әртүрлі болады. Олардың өте үлкендері де, майдалары да бар. Балықтар өзен, көл, теңіз, мұхиттарда тіршілік етеді. Балықтар желбезегімен тыныс алады. Олар жүзу қанаттарының және құйрығының көмегімен суда жүзеді. Балықтың денесі жылтыр қабыршақпен жабылған. Балықтар су өсімдігінің сабағы мен жапырағына, су қойма түбіне уылдырық шашады. Уылдырық-балықтың жұмыртқасы. Уылдырықтан шабақтар пайда болып, өсіп-жетіледі. Жұмбақ жасыру. Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды. (балық). Суда өседі, өнеді, Сыртқа шыкса өледі. (балық). Өзі алып кемедей, Дауылдан ықпайды. Су шашып телегей, Мұхиттан шықпайды. (кит). Басы доғал, мұрты бар, Аузы апандай ұрты бар. Түрі китке ұқсайды. (жайы). Қомағайлық жасайды, Шабақтарды асайды. (шортан). Күміспен апталған, Теңгемен қапталған. (саза).</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>Еркін ойын: «Менің сүйікті ертегім»</p> <p>Ойынның мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегідегі бір кейіпкердің суретін салады.</p> <p>Сюжеттік-рөлді ойын: «Ертегіні ойнайық»</p> <p>Ойынның мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.</p> <p>Ойын барысы: Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. Мысалы: «Жеті лак» ертегісін еске түсіреді. Лактардың дауысы төмен дауыс, ешкінің дауысы ортаңғы дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді.</p> <p>4.Дене шынықтыру.</p> <p>Негізгі қимылдар. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен, бір-бірден, екеуден, үшеуден, тізені жоғары көтеріп жүгіру.</p> <p>Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»</p>	<p>-Алма мен алмұртты пішіні, түрі, дәмі бойынша салыстыр.</p> <p>-Көкөністерден қандай тағамдар жасалады?</p> <p>-Ащы және тәтті көкөністерді ата.</p> <p>-Қысқа сақтауға және тұздауға болатын көкөністерді ата.</p> <p>-Қандай көкөністерді шикілей жеуге болады?</p> <p>-Орамжапырақты аскабақпен салыстыр.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Шарты: Көкөністің атын естісе отырады, жемістің атын естісе қолдарын жоғары көтереді.</p> <p>Д.О. «Төртіншісі артық»</p> <p>Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Ойын барысы: Аталған сөздердің ішінен қайсысы артық екенін табады. Не үшін артық болып тұрғанын айтады.</p> <p>Алма, алмұрт, өрік, жүзім, шие, қияр.</p> <p>Қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша, орамжапырақ, алма.</p> <p>Д.О. «Не қайда өседі?»</p> <p>Ойынның мақсаты: Көкөністер мен жеміс-жидектердің қайда өсетінін ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Бақта жемістер мен жидектер, бақшада көкөністердің өсетінін айтады.</p> <p>4.Музыка.</p> <p>Міндеттері: Музыкаға</p>	<p>Ойынның мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа баулу. Санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Ойын барысы: Балаларды екі топқа бөлу. Әр топтың балаларына бір қорапшадан беріледі. Қорапшаның сыртында сан жазылған. Сол санға сәйкес балалар жерге түскен жапырақтарды жинайды.</p> <p>Д.О. «Қанша болса сонша»</p> <p>Ойынның мақсаты: Балалардың санау дағдысын қалыптастыру, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Ойын барысы: Еденде 4 шеңбер обрuch) тұр. Әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.</p> <p>Саусақтар әні. (ұнтаспа)</p> <p>Ал санайық, санайық, Қане, кане санайық.</p> <p>Саным біліп алайық:</p> <p>Біреу, екеу, үшеу, Төртеу, бесеу,</p> <p>Қолымда сонда саусағым бесеу.</p> <p>Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Бесті беске қосқанда, Болып шықты он саусақ.</p> <p>3.Көркем әдебиет.</p> <p>Міндеттері: Шығарма мазмұнын сюжеттің біріділігін сақтай отырып</p>	<p>қалды?</p> <p>-Алманы кім көрді?</p> <p>-Қоян Қарғаға не деді?</p> <p>-Қарға не істеді?</p> <p>-Кірпі нені алып кетті?</p> <p>-Үшеуі қайда барды?</p> <p>-Аю не деп жауап берді?</p> <p>-Қандай мақал айтты?</p> <p>«Береке басы бірлікте» балалар жауап береді, мақалды жатқа айтады.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Ең үлкенін алманың, Анамызға сыйлайық. (балалар қимылмен көрсетеді).</p> <p>Қимылды ойын: «Ертегіні ойнайық»</p> <p>Ойынның мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.</p> <p>Ойын барысы: Педагог балаларға «Алма» ертегісіндегі кейіпкерлердің дауысын және қимыл-қозғалысын салуын ұсынады.</p> <p>Жұмбақтар жасыру. Қалқиып ұзын құлағы, Елендеп ылғи тұрады. (қоян).</p> <p>Далада жүр шапқылап, Керемет бір сакқұлак. (қоян).</p> <p>Тұла бойы ине, Тұмсығында түйме. (кірпі).</p> <p>Жәндік көрдім аласа, Түрі басқа тамаша. Ешбір жанға қосылмас, Жүреді өзі оңаша. Бірі бата алмайды,</p>	<p>Балалардың жұмысы. «Теңіз асты патшалығы. Балықтар» (түрлі-түсті қағаздан қиып жапсырады. Жапсыру жолдарымен таныстыру).</p> <p>Қортынды.</p> <p>-Қандай балықтарды білесіңдер?</p> <p>-Балықтар қайда мекендейді?</p> <p>-Қандай ертегі туралы әңгімеледің?</p> <p>-Өзің білетін теледидардан көрген ірі балықтарды ата.</p> <p>Көрме ұйымдастыру. Балаларды мадақтау.</p> <p>4.Дене шынықтыру.</p> <p>Негізгі қимылдар. Жүрумен алмастыра отырып 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жел мен жапырақшалар»</p> <p>Ойынның мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге, жылдамдыққа үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Әртүрлі бағытта жүгіруді дамыту, белгі бойынша қимыл жасай білу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық бірақ түсіріп алма»</p> <p>Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.</p> <p>Педагог: -Секендеңдер қояндар, -Жүгіріндер, жортыңдр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секендеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарарды. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.</p>	<p>қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p>Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Жұмбақ жасыру. Үш көзі бар қаз-қатар, Кезек-кезек ашады. Үшеуінен байқасам, Үш түрлі нұр шашады. Бұл не? (бағдаршам).</p> <p>Бағдаршам. Ашса кезек үш көзін, Айтты деп үк үш сөзін: Тоқта! Сақтан! Жол ашық! Жүрме жолға таласып. Қызыл көзін ашқанда Сынық сүйем баспа алға! Сары көзін ашқанда Қарап қалма аспанға! Жасыл көзін ашқанда Өте бергін, жасқанба! Ән тыңдау: «Ана әлди» А.Меңжанова. -Музыканың көңіл-күйі</p>	<p>эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Д.О. «Кім тапқыр?»</p> <p>Ойынның мақсаты: Балаларға жұмбақтар шешкізу арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту. Аңдарға қамқорлық сезімін ояту.</p> <p>Ойын барысы: Жұмбақтың жауабын табады. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Жұмбақ. .Қыс бойы жатады, Тәтті ұйқыға батады. .Жеміс-жидек жегені, Балды жақсы көреді. -Аю қандай аң? -Ол қайда мекендейді? -Аю қыста не істейді?</p> <p>Ертегілер елінде. «Маша мен аю» (ертегіні балаларға ұнтаспадан тыңдату).</p> <p>Қимылды ойын: «Бұл қандай аң?»</p> <p>Ойынның мақсаты: Аңдар туралы, олардың жүріс тұрысы туралы білімдерін толықтыру.</p> <p>Ойын барысы: Қимылына қарап қандай аң екенін табады.</p> <p>Боямақ: «Маша мен аю» ерегісі. (балалар дайын суретті бояйды, ертегіні айтады).</p>	<p>Қасқыр, аю, жолбарыс. (кірпі).</p> <p>Тіл алсаң тиме, Үсті толған ине. (кірпі).</p> <p>Қыс бойы жатады, Тәтті ұйқыға батады. (аю).</p> <p>Жеміс-жидек жегені, Балды жақсы көреді. (аю).</p> <p>Ұшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қаркылдақ. (қарға).</p> <p>Қара түсті қаркылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. (қарға).</p> <p>Д.О. «Менің сүйікті ертегім»</p> <p>Ойынның мақсаты: Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, жолдастыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы: Сурет бойынша ертегілердің аттары мен қысқаша мазмұнын айту.</p> <p>4.Музыка. Міндеттері: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында</p>	<p>Ойын барысы: Балалар қолындағы жапырақшаны түсірмей жүгіре алу.</p>
--	--	---	---	--	---

кандай?
Ән айту: «Бағдаршам»
Ғ.Тамендаров.
-Ән не туралы?
-Ән қалай орындалады?
-Бағдаршамның неше түсі бар?
-Бағдаршам қандай түстерден тұрады?
-Қай түс нені айтады?
Әуенді қимыл-қозғалыс:
«Жалушамен би»
Көңілді музыка әуенімен, қол ұстасып шармен, жалаушалармен нық қимыл жасауға талпыну, жұптасып билеуге дағдыландыру.
Қорытынды:
-Бағдаршам не үшін керек?
-Жаяу жолаушылардың жолы қалай белгіленеді?
-Жол жүру ережелерін ұмытпай, қатаң сақтаңдар!

4.Дене шынықтыру.
Негізгі қимылдар.
Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіру
Қимыл-қозғалыс ойыны:
«Ұшақтар»
Ойынның мақсаты:
Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.
Ойын барысы:
Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін канаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.

музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.
Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.
Жұмбақ жасыру.
Үш көзі бар қаз-қатар,
Кезек-кезек ашады.
Үшеуінен байқасам,
Үш түрлі нұр шашады.
Бұл не?
(бағдаршам).
Бағдаршам.
Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп ұқ үш сөзін:
Токта! Сақтан! Жол ашық!
Жүрме жолға таласып.
Қызыл көзін ашқанда
Сынық сүйем баспа алға!
Сары көзін ашқанда
Қарап қалма аспанға!
Жасыл көзін ашқанда
Өте бергін, жасқанба!
Ән тыңдау: «Ана әлдиі»
А.Меңжанова.
-Музыканың көңіл-күйі кандай?
Ән айту: «Бағдаршам»
Ғ.Тамендаров.
-Ән не туралы?
-Ән қалай орындалады?
-Бағдаршамның неше түсі бар?
-Бағдаршам қандай түстерден тұрады?
-Қай түс нені айтады?
Әуенді қимыл-қозғалыс:

				«Жалушамен би» Көңілді музыка әуенімен, қол ұстасып шармен, жалаушалармен нық қимыл жасауға талпыну, жұптасып билеуге дағдыландыру. Қорытынды: -Бағдаршам не үшін керек? -Жаяу жолаушылардың жолы қалай белгіленеді? -Жол жүру ережелерін ұмытпай, қатаң сақтаңдар!	
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу.				
Серуендеу	№6 Жапырақтардың түсін бақылау.	№18 Ағаштарды бақылау.	№16 Құстарды бақылау.	№4. Жанбырды бақылау.	№11 Топырақты бақылау.
Балалардың дербес іс-әрекеті.	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әртүрлі балалар іс-әрекеті ойын түрінде жүзеге асыру.				
Балалармен жеке жұмыс.	Амангелді Дәулеткелді 1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.	Амангелді Дәулеткелді 1.Математика негіздері. 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды үйрету, өз бетінше тапсырмаларды орындауға баулу, заттарды санайды, санын айтады.	Амангелді Дәулеткелді 1.Сөйлеуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау.	Амангелді Дәулеткелді 1.Көркем әдебиет. Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Баланың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.	Амангелді Дәулеткелді 1.Жапсыру. Қайшыны қолдануды бекіту. Қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды киюға үйрету.
Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Векітешіні: 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

— Білім беру ұйымының атауы: Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі.

Мектепалды «0» А сыныбы.

Балалардың жастары: 5 жас.

Жоспарлау күні: 16.10.-20.10. 2023-2024 оқу жылы.

Күн тәртібі	Дүйсені	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенесу, әңгімелесу	Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).	Сурет салу. «Ағаштардың суретін саламыз» Мақсаты: Өзіне тән сипатын келтіріп, ағаштардың суретін салу. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, қамқорлық көрсете білуге баулу.	Д.О. «Қандай жануар?» Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Ойын барысы: Балалар хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді.	Д.О. «Құстар» Ойынның мақсаты: Құстар туралы білімдерін толықтыру. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Ойын барысы: Суреттер бойынша құстарды екі тоқа топтастыру. Жыл құстары және отырықшы құстар.	Д.О. «Күзгі жапырақтар» Ойынның мақсаты: Балалардың күз туралы түсінігін тереңдету. Күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Ойынның барысы: Балалар жинап алынған жапырақтардан композиция жасайды.	Д.О. «Кітап-біздің досымыз» Ойынның мақсаты: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын барысы: Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.
Ертеңгілік жаттығу.	Қазан айының 3-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету. Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.	Сөздік ойын: «Тамаша күн!» Шарты: Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді. -Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? -Ауа-райы қандай? -Күз мезгілі қандай?	Шаттық шеңбері. -Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық. -Қайырлы күн! -Сіздерді көргеніме қуаныштымын! -Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық: -Сен әдемісің.	Д.О. «Ай аттары» Ойынның мақсаты: Күз мезгілінің айлары: қыркүйек, қазан, қараша ретімен атау. Ойын барысы: Күз мезгілінің айларын ретімен атайды. Күз айлары ерекшеліктері туралы әңгімелейді.	Шаттық шеңбері. «Денсаулық құпиялары» Шарты: Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады. -Күніміз ашық болсын! -Жеріміз кең болсын! -Ауамыз таза болсын! -Суымыз тұнық болсын! -Гүліміз жақсы өссін!	Шаттық шеңбері. Достар бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер!

	-Таза ауамен демалған қандай? -Біздің табиғатымыз қандай?	-Сен мейірімдісің. -Сен ақылдысың. -Сен адал доссың. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге!			
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.</p> <p>Ой қозғау. -Балалар, біздер айналамыздан қандай дыбыстарды естиміз? -Қарқылдайтын не? -Қаңқылдайтын не? -Шиқылдайтын не? -Ырылдайтын не?</p> <p>Ертегілер еліне саяхат.</p> <p>«Дауысты және дауыссыз дыбыстардың достығы» Ерте заманда дыбыстар өмір сүріпті. Олар әртүрлі болыпты. Біреулері әндетеді, біреулері ырылдайды, енді біреулері ызылдайды, кейбіреулері ысылдайды, шуылдайды, сыңғырлайды. Бірақ олардың барлығы адамның сөйлеу тілінде болады екен. Бір күні дыбыстар той-думан ұйымдастырмақ болыпты.</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Міндеттері: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Ертегі зообак. Тіл ұстарту жаттығуы: Ян-ян-ян-секеңдеген коян. Ю-ю-ю-қорбандаған аю. Кі-кі-кі-бұл айлакер түлкі. Қыр-қыр-қыр-бұл көкжал қасқыр.</p> <p>Д.О. «Кім тапқыр?» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Жұмбақтар шеше білеміз бе? Балаларға аңдар туралы туралы жұмбақтар жасыру. Жеміс жидек жегенім, Балды жақсы көремін. (аю). Қыс бойына жатады, Тәтті ұйқыға батады. (аю). Далада жүр шапқылап, Керемет бір саксұлақ (қоян). Өзі ку, жүрген жері шу. (түлкі).</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату.</p> <p>«Жақсы сөз» ойыны. Шарты: Балалар шеңберде тұрады. Педагог қолындағы допты қай балаға лақтырса, сол бала бір жақсы сөз айтуы керек. Допты қағып алған бала дереу бір жақсы сөз айтады да, қолындағы добын келесі балаға лақтырады. Жақсы сөздер тізбегі осылай жалғаса береді.</p> <p>Д.О. «Дыбыстарды ажырат» Ойынның мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Үлестірмелі суреттердегі заттардың атын атайды, бастапқы дыбысын ажыратып салады.</p> <p>Д.О. «Талдау жасай білемін» Ойынның мақсаты: Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Суреттер арқылы дыбыстық талдау</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту. Міндеттері: Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды тандай білу.</p> <p>Д.О. «Қарама-қарсы сөздер» Ойынның мақсаты: Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын мағыналары қарама-қарсы сөздермен молайту.</p> <p>Ойын барысы: Балаларға кезекпен допты лақтырып, бір сөз айтады, ал допты қағып алған бала педагогке кері лақтырып, айтылған сөзге мағынасы қарама-қарсы сөзді айтуы керек.</p> <p>Мысалы: жарық-қараңғы, ақ-қара, биік-аласа, ұзын-қысқа, қалың-жұқа, ащы-тәтті.</p> <p>Д.О. «Сикырлы қалта» Ойынның мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Педагог ортаға сикырлы</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p> <p>Д.О. «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат» Ойынның мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.</p> <p>Д.О. «Үзік сызықтар» Ойынның мақсаты: Балалардың қолдарын жазуға дайындау. Таза, ұқыпты жазуға үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Берілген үзік сызықтарды бастырып жазады.</p> <p>2.Математика негіздері. Міндеттері: Көрнекілік арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс</p>

<p>-Біздің дауысымыз бар, ән айтамыз!-деп дауысты дыбыстар даусын созып әндете бастады: а-а-а, о-о-о, е-е-е,...</p> <p>-Сөзі жоқ бұл қандай ән!-деп ренжіді дауыссыз дыбыстар. Бізсіз қалай ән айтпақсындар! Біз де сендермен бірге ән айтқымыз келеді.</p> <p>-Дұрыс айтасындар, ән сөзсіз болушы ма еді?-деді дауысты дыбыстар.</p> <p>-Қане, әнді бірге айтайық. Дауысты, дауысты дыбыстар араласып тұра қалды да, сөздер пайда болды.</p> <p>Сөйтіп олар бір-бірімен достасып, сөз ішінде бірге өмір сүретін болды.</p> <p>-Дауысты, дауыссыз дыбыстар не үшін бірге өмір сүретін болды?</p> <p>-Дауыссыз дыбыстарды айт. Олар қандай дыбыс шығаруы мүмкін. (ызылдайды, ысылдайды, шулайды).</p> <p>Д.О. «Берілген дыбыспен сөздерді ата»</p> <p>Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау логикалық қабілеттерін арттыру.</p> <p>Ойын барысы: Педагог кез-келген бір дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөзді айтады.</p> <p>Д.О. «Талдау жасай білемін»</p> <p>Ойынның мақсаты: Балаларға дыбыстық</p>	<p>Сұрғылт тартқан түсі бар, Ақсиган көп тісі бар. Тыным таппай жүгіріп, Сілекейі шұбырған, Қыстау маңын ториды, Ауылдың өш бар иті. Ит сияқты жүргенімен үрмейді.</p> <p>(қасқыр).</p> <p>Төрт аяқты шалғы, Орып кетер малды.</p> <p>(қасқыр).</p> <p>Бірге жаттайық. Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян. Қаша берсең орманға, «Қорқағым»-деп ат қоям.</p> <p>Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық.</p> <p>Түлкі, түлкі қутындайсың, Айналаңнан тың тыңдайсың. Қанша қулығыңды асырсанда, Аңшыдан сен құтылмайсың.</p> <p>Қасқыр орманда жортады, Аяздан ол қорқады. Аспанға қарап ұлиды, Ауылдың малын ториды.</p> <p>Сергіту сәті. Бұғының үлкен үйі бар, Терезеден қарайды. Қоян жүгіріп келеді, Бұғының үйін көреді. Тук-тук досым есік аш, Ауылда аңшы қаш! Қоян-қоян келе ғой, Үйіме менің кіре ғой.</p>	<p>жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды табады.</p> <p>2.Математика негіздері. Міндеттері: Көрнекілік арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>Шығармашылық үзіліс: «Санау әні»</p> <p>Шарты: Балалар ұнтаспадан әнді тыңдайды, бірге орындап айтады.</p> <p>Д.О. «Менің достарым»</p> <p>Ойын барысы: Біздің топта қанша бала бар? Қыздар қанша? Ұлдар қанша?</p> <p>Д.О. «Қанша? Неше?»</p> <p>Ойынның мақсаты: Заттарды санау, санын білу, салыстыруға үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Досыңа күзгі жапырақтарды санауға көмектес.</p> <p>Д.О. «Жоғалған қай сан?»</p> <p>Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Ойын барысы: Тактада 1-ден 10-ға дейінгі сандар қатары ілініп тұрады. Педагогтың белгісімен балалар көздерін жұмады. Педагог бір санды алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қай сан жоқ екенін айтады.</p> <p>Еркін ойын. «Өз қолыммен»</p> <p>Ойынның мақсаты: Сан туралы білімдерін</p>	<p>қалтаны қойып, балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы затты алғызады. Балалар алған затты сипаттайды.</p> <p>2.Қоршаған ортамен таныстыру. Міндеттері: Заттық әлем. Кеністікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Д.О. «Заттың қасиетін анықта»</p> <p>Ойынның мақсаты: Заттардың қасиетін, оларды қолданылуын анықтау, ажырата білуді үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Ойынға 2 бала шығады. Суреттегі заттардың қасиетін анықта. Заттың атын атамай қасиетін ғана айт. Досың оның не екенін тапсын.</p> <p>Дәмі: тәтті, ащы, тұзды, қышқыл.</p> <p>Материалы: темір, ағаш, жібек, шыны, пласмасса.</p> <p>Д.О. «Заттың атын ата»</p> <p>Ойынның мақсаты: Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.</p> <p>Ойын барысы:</p>	<p>жауап беру.</p> <p>Жұмбақ жасыру. Күні бойы тынбайды, Дәмді тағам жинайды. (ара).</p> <p>Тоқыған ауы, Шыбынның жауы. (өрмекші).</p> <p>Алға қарай, Артқа қарай жүреді. Еңбек сүйгіш оны бәрі біледі. (құмырсқа).</p> <p>Өзі төрт қанатты, Және алты аяқты. Сонда да тік ұшақ, Моделі сияқты. (инелік).</p> <p>Ызындап ән салып, Лас жерге қонады. (шыбын).</p> <p>Ұшады, қонады, Гүлдердің қонағы. (көбелек).</p> <p>Д.О. «Қанша? Неше?»</p> <p>Шарты: Суреттегі жәндіктерді ата. Санын жаз.</p> <p>-Қандай жәндіктерді көріп тұрсындар?</p> <p>-Жәндіктер жылдың қай мезгілінде болады?</p> <p>-Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяқтарын сана. Нешеу?</p> <p>-Өзің білетін тағы қандай жәндіктер бар. Оларды ата.</p> <p>-«Бақтың досы»-деп қандай жәндікті атаймыз?</p> <p>-Бақшаға пайдалы және зиянды жәндіктерді ата.</p> <p>-Ұлу немен қоректенеді?</p> <p>-Ұлу қалай қимылдайды?</p>
---	--	---	---	--

талдау жасай білуді үйрету.

Ойын барысы: Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды табады.

2. Математика негіздері.

Міндеттері: Көрнекілік арқылы 6,7,8,9,10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9-ға дейінгі цифрмен танытыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

Д.О. «Түстеріне қарай топтастыр»

Ойынның мақсаты:

Балаларды түстерді ажырата білуге және заттарды санап, санын айта білуге үйрету.

Білімдерін толықтыру.

Ойынның барысы:

Балалар берілген заттарды түсіне қарай топтастырады және санап, санын айтады.

Д.О. «Қанша? Неше?»

Ойынның мақсаты:

Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.

Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген заттарды санайды. Қандай заттар нешеуден екенін айтады.

Санау әні. (үнтаспа)

«Күшіктер санамағы»

(үнтаспа)

Қимылды ойын.

«Автожарыс»

Ойынның мақсаты:

Д.О. «Ормандағы дауыстарды ажырат»

Ойынның мақсаты:

Дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.

Ойын барысы:

Орманда нелер мекендейді?

Ормандағы дауыстарды ажырат. Дыбыстарды ым-ишарамен бинелеп, дауыс ырғағымен айт.

«Түк-түк-түк!», «Ү-ү-ү!»,

«Қарқ-қарқ!», «Тырау-тырау!»,

«Бак-бак-бак!»,

«Барық-барқ!»

2. Қоршаған ортамен таныстыру.

Міндеттері: Заттық әлем.

Кеңістікті бағдарлау.

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау,

олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Д.О. «Қай бағытқа жүрсен, сонда іздегеніңді табасың?»

Ойынның мақсаты:

Ойын барысы: Педагог балалар білетін ойыншықтарды әр жерге тығып тастайды. Оңға бұрылсаң-қуыршақты табасың, солға бұрылсаң-қоянды табасың, алға жүрсен-қонжықты табасың, артқа жүрсен-тышқан ойыншығын табасың Қай бағытқа бұрылғың келеді?

толықтыру.

Ойын барысы: Түрлі-түсті қағаздан сандарды қиып жапсыр.

Саусақтар әні. (үнтаспа)

Ал санайық, санайық,

Қане, қане санайық.

Санын біліп алайық:

Біреу, екеу, үшеу,

Төртеу, бесеу;

Қолымда сонда саусағым бесеу.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Бесті беске қосқанда,

Болып шықты он саусақ.

3. Көркем әдебиет.

Міндеттері: Шығарма

мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту,

кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.

Д.О. «Бұл қай ертегі?»

Ойынның мақсаты:

Балаларды ертегілерге деген қызығушылығын арттыру.

Ойын барысы: Ертегі кейіпкерлерінің суретіне қарап отырып балалар қай ертегі екенін айтады.

Д.О. «Қайсысы артық?»

Ойын мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Ойын барысы: Суреттегі кейіпкердің қайсы артық

Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.

Д.О. «Сипаттамасы бойынша таны»

Ойынның мақсаты:

Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Создік қорын толықтыру.

Ойын барысы: Педагог бір затты сипаттайды.

(доп, шар, машина, ұшақ т.б.) Балалар сол заттың сипаттамасы бойынша не екенін табады.

Д.О. «Қай зат неден жасалған?»

Ойынның мақсаты:

Балалардың ойлау қабілетін арттыру.

Ойын барысы: Педагог балаларға бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді.

Мысалы:

Қарындаш-ағаштан жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б.



Д.О. «Не өзгерді?»

Шарты: Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады.


Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.

3. Қазақ тілі.

Міндеттері: Таныс немесе



Д.О. «Қандай сан жоқ?»



3. Мүсіндеу.

Міндеттері: Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Жұмбақ жасыру: «Кім тез табады?»

.Кесе, шыны, пиала, Оларсыз шәй құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді?

<p>Жылдамдыққа, шапшандыққа баулу</p> <p>Ойын барысы: 2 бала кішкентай бір-бірден ойыншық көлікке жіп байлайды. Кімнің көлігі бірінші жетті? Кімнің көлігі жәй келді?</p> <p>3.Көркем әдебиет. Міндеттері: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып эмоциямен қисынды қайта жап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Д.О. «Жабайы жануарлар» Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш немесе шөп қоректі жануар екенін ұмытпа.</p> <p>-Мынау не? -Дене мүшелері. -Түсі. -Қайда мекендейді? -Немен қоректенеді? -Адамға пайдасы.</p> <p>Жұмбақ жасыру. Бұтақтарға секіріп, Әр жерден қылт етеді. Кейде жаңғақ кеміріп, Жоғары өрмелеп кетеді.</p>	<p>Қайда барасың? Д.О. «Заттың атын ата» Ойынның мақсаты: Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.</p> <p>Ойын барысы: Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Сонан соң балалар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.</p> <p>1.Баланың ойыншықтары неден жасалғанын айт. 2.Заттардың ортақ қасиеттерін тап. Оларды жасалған материалдарына қарай топтастыр.</p> <p>Бірге айтамыз. Ойыншықтар көп екен, Бірге ойнайық балақай. Көкорай шалғын көк екен, Жарысайық алақай.</p> <p>Ойын. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні-бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды.</p> <p>Д.О. «Ақылды машиналар» Мақсаты: Адамдардың жұмыстарын жеңілдетуге машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыру, аттарын дұрыс атауға үйрету. Сөздік қорын молайту.</p> <p>Көрнекіліктер: Машиналар. Бульдозер, көтергіш қран, желел</p>	<p>екенін табады. Ертегіні атайды.</p> <p>Сюжеттік-рөлді ойын: «Тапқыр қоян»</p> <p>Ойынның мақсаты: Балаларға ертегіні оқып таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы: Ертегі мазмұнымен балаларды таныстыру. Ертегіні сахналау.</p> <p>Сергіту сәті. Аппақ, аппақ ақ қоян, Қасқыр келді жат қоян. Өтіп кетті сұр қасқыр, Орнынан тұр ақ қоян, Серіп-секір қаш қоян! (балалар жатқа айтады, қимылмен көрсетеді).</p> <p>Жұмбақтар шешейік. Көлеңкесінен қорқып безектейді, Ал оның баласын көжек дейді.</p> <p>Қалқиып қос құлағы, Елендеп ылғи тұрады.</p> <p>Өзінше ноян, Қорқақ кім?</p> <p>Далада жүр шапқылап, Керемет бір саққұлақ</p> <p>-Қоян қандай аң? -Ол қайда мекендейді? -Қоянның құлағы қандай? -Қоянның құйрығы қандай? -Қоянның баласын қалай атаймыз? -Қоян немен қоректенеді? -Қыста қоянның тоны қандай</p>	<p>бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: «Ертегілер»</p> <p>Шарты: А.Қалаубаеваның орындауындағы «Ертегілер» әнінің ырғағымен поезд болып қозғалады.</p> <p>Д.О. «Бұл қай ертегі?» Ойынның мақсаты: Балалардың ертегілерге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Ойын барысы: Ертегі кейіпкерлерінің суретіне қарап отырып балалар қай ертегі екенін айтады.</p> <p>Ертегі құрастыру. Шарты: Педагог балаларға ертегілерде кездесетін бірнеше кейіпкерлерді атайды. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа бір ертегі құрастыруын ұсынады.</p> <p>Д.О. «Қайсысы артық?»</p>	<p>(ыдыс-аяқ). .Ерінбей еңбек істеген, Онсыз тамақ ішпеген. (қасық). -Ыдыстар не үшін қажет? -Ыдыстар неден жасалады? -Қандай ыдыс түрлерін білесіңдер? Бірге жаттайық. Ыдыстарды жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын. Кесе, қасық бәрін де, Өз орнына қоямын.</p> <p>Сұрақ-жауап. «Тез жауап бер» -Бұл не? -Бұл зат неден жасалған? -Түсі, пішіні қандай? -Бұл затпен не істейміз? Балалардың жұмысы. «Қуыршаққа арналған ыдыс» (ермексаздан мүсіндеу) Қуыршаққа арналған ыдыс: (қасық, тәрелке, саптыаяқ).</p> <p>Д.О. «Суреттегі ыдыстардың атауларын ата» Ойынның мақсаты: Ыдыстарды ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын барысы: Ыдыстардың атауын атайды.</p> <p>4.Дене шынықтыру. Негізгі қимылдар. Өрмелеу: гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту; әртүрлі тәсілдермен құрсаудың</p>
--	--	---	--	--

	<p>(тиін).</p> <p>Ертегі тыңдайық. «Тиін мен қасқыр» (балаларға ертегіні оқып беру, жаңа ертегімен таныстыру). Д.О. «Тиін жаңғақ кеміреді» Ойынның мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Ойынның барысы: Тиін, тиіннің тіршілігі туралы айтады. Суретке қарап сұрақтарға жауап береді. Суретпен жұмыс. -Балалар, суреттен не көріп тұрсындар? -Тиін қайда жүр? -Тиін нені көрді? Тыңда. Балалар, кейбір жануарлар қысқа азық жинайды. Мысалы: тиін ағаштың қуысын мекен етеді. Тиінге ағаштармен тез өрмелеуге аяқтары көмектеседі. Ол жаз бойы жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды ағаш қуысына жинайды. Қыста соларды қорек етеді. Еркін ойын: «Ермексаз әлемі» Ойынның мақсаты: Тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қосу, дөңестеу тәсілдерін үйрету, саусак моторикасын жақсарту. Ойынның барысы: Балалар ермексаздан тиінді құммен сызып жасайды. Қимылды ойын:</p>	<p>жәрдем, ауыр жүк көліктері, жеңіл такси машиналары, қар тазалайтын машиналар. Ойын шарты: Суреттер бойынша әңгімелеу. Қортынды: -Адам қолымен тағы қандай заттар жасауға болады?</p> <p>3.Қазақ тілі. Міндеттері: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Жұмбақ жасыру. Аузы бейне шалғы орақ, Шөп емес бірақ малды орады.</p> <p>(қасқыр). -Қасқыр қандай аң? -Қасқырлар қайда мекендейді? -Қасқыр немен қоректенеді? Ертегі тыңдайық. «Ақымақ қасқыр» Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау</p>	<p>болады? -Көктемде қоянның тоны қандай болады? Бірге жаттайық. Қоян секек қағады; Сәбізді іздеп табады. Үйшігіне барады, Ауқаттанып алады.</p> <p>Ақ қоян-ау, ақ қоян, Үркек қоян, сақ қоян. Қаша берсең орманға, «Қорқағым»-деп ат қоям.</p> <p>4.Дене шынықтыру. Негізгі қимылдар. Өрмелеу: гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту; әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғамен өрмелеу; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш» Шарты: Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»- деген сөзден кейін балалар үйлеріне (шеңберге) кіреді.</p>	<p>Ойынның мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Ойын барысы: Суреттегі кейіпкердің қайсы артық екенін табады. Ертегіні атайды. Балалардың жұмысы: «Менің сүйікті ертегім» Сурет салу.</p> <p>4.Музыка. Міндеттері: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Музыкалық сәлемдесу. Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау. «Сә-ле-мет-</p>	<p>ішіне еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғамен өрмелеу; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеп. Қимылды ойын: «Жүгір-отыр-жүгір!» Ойынның мақсаты: Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. Ойын барысы: Педагог: «Жүгір!»-балалар аланда жүгіреді. «Отыр!»-балалар отырады. Жылдамдықты, бұйрықты тез орындау. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету. Ойын барысы: Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады. Педагог: -Секеңдер қояндар, -Жүгіріңдер, жортыңдр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарды. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>«Ормандағы жануарлар» Ойын барысы: Балалар бірге айтады, аңдардың кимылын жасайды.</p> <p>Біз орманға барамыз, Онда аюды көреміз. Желкемізде қолымыз, Теңселе басып жүреміз.</p> <p>Алдымызда талдардан, Жылтындаған қу түлкі. Біз түлкіні алдаймыз, Жүгіріп басып қалмаймыз.</p> <p>Қояндарды көреміз, Қоянға ұксап жүреміз. Қолымызды алға ұстап, Секіре басып келеміз. Д.О. «Қандай жануар?» Ойын барысы: Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді, кимылын көрсетеді.</p> <p>4.Дене шынықтыру. Негізгі қимылдар. Еңбектеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); Қимылды ойын: «Толқиды теңіз» Ойын барысы: Педагог даусын сәл көтере сөйлейді: Толқиды теңіз бір! Толқиды теңіз екі! Толқиды теңіз үш!</p>	<p>қабілеттерін дамыту. Ертегінің мазмұнын басты кейіпкердің мінез құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу.</p> <p>Бірге айтамыз. Қасқыр орманда жортады, Аяздан ол қорқады. Аспанға қарап ұлиды, Ауылда малды ториды. Сергіту сәті. Біз орманға барайық, Жан-жағымызға қарайық. Аю келді қорбандап, Қасқыр келді ырылдап. Түлкі шықты майысып, Қоян шықты секіріп. Қорықпандар балалар, Қарап-қарап алындар. Қортынды. -Қандай ертегі тыңдадыңдар? -Ертегі сендерге ұнады ма?</p> <p>4.Музыка. Міндеттері: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p>		<p>сіз бе?» сөзін буынға бөліп әндету. Ән айту: «Мен өнерлі баламын» Музыкасын жазған: М.Омаров. Сөзі: Г.Жотаева. Музыкалық-ырғақты қимылдар: «Қазіргі би ырғағы» Шарты: Балаларды жаңаша, заман талабына сай кимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету: Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау.</p>	
--	--	--	---	---	--

	<p>(балалар теңіздегі толқынды бейнелейді) Теңіз толқыны тоқта! Осы кезде әуен токтатылып, «толқындар» орындарында сол кейіпте қозғалмай тұрып қалады. Қимылды ойын: «Лактыр да, қағып ал» Ойын барысы: Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лактырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лактырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді.</p>	<p>Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Музыкалық сәлемдесу. Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау. «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөліп әндету. Ән айту: «Мен өнерлі баламын» Музыкасын жазған: М.Омаров. Сөзі: Г.Жотаева. Музыкалық-ырғақты қимылдар: «Қазіргі би ырғағы» Шарты: Балаларды жаңаша, заман талабына сай қимыл-қозғалыстар жасай білуге үйрету. Қолдың, аяқтың, бастың қимылдары музыка әуеніне сай үйлесуін қадағалау.</p>			
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру, арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу.				
Серуендеу	№9. Аспанды бақылау.	№26. Шөптерді бақылау.	№27. Тал, ағаштарды бақылау.	№16. Құстарды бақылау.	№24. Таяудағы көшені бақылау.
Балалармен жеке жұмыс.	Амангелді Дәулеткелді 1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.	Амангелді Дәулеткелді 1.Математика негіздері. 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды үйрету, өз бетінше тапсырмаларды орындауға баулу, заттарды санайды, санын айтады.	Амангелді Дәулеткелді 1.Сөйлеуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау.	Амангелді Дәулеткелді 1.Көркем әдебиет. Сурет бойынша таныс ертегілерді атау, ертегі кейіпкерлерінің жағымды және жағымсыз мінез-құлқын ажырату.	Амангелді Дәулеткелді . 1.Мүсіндеу. Ермексаздан қалауынша түрлі ойыншықтарды мүсіндеу.
Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				